

Қырық бірінші жылдың келіншектері




**Аңыздардан тере жүрiп масақты,
Рас-рас, көзден талай жас ақты.
Бiрақ сол бiр дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрiмiзден бiр-бiр батыр жасапты**



- деп жырланып, талай поэма, аңыз-әңгімеге арқау болған олар тарих тереңіне мәңгі жас деген ұғыммен енген-ді. Жалындаған жастық шақтарын соғыс өрті шалған, жас келін атанған кездерінде жан жарларынан тірідей айырылған мыңдаған ананы қалайша мәңгі жас деп айтпассыз?

Жолдасынан қалған жалғыз атты мініп мал баққан, сауып отырған сиырын соқаға жегіп жер жыртқан, шөп шапқан да солар. Зауыт, фабрикалардың станоктарын зыр қақтырған, тау копарып тас бұзған да солар екені рас. Қос уыс талқанды талғажу етіп, қара суды сусын қылған, ашпын, жалаңашпын деп налымаған, кейімеген де осы аналар болатын. Тылдағы еңбек майданы бір бөлек, қолдарына қару ұстап, ер-азаматтармен бірге алғы шепке барғандары қаншама? Оларды қалай батыр демейсіз?

Біздің шағын әңгімемізге арқау болғалы отырған кейіпкеріміз де осындай жандардың бірі екенінде дау жоқ. Қазір тоқсанды алқымдаған қарт әженің үзіп-үзіп айтқандарынан гөрі терең әжім торлаған жүзі көп нәрсені аңғартқандай. Оны беттері сарғыш тарта бастаған қағаз бетіндегі көмескі жазулар да дәлелдей түседі.



- Әкемнен жастай қалдым, тіпті түрі де есімде жоқ - дейді Рәзия әже.

Мен туған 1914 жылдың жайы белгілі, соғыс, ауыртпашылық мол болды. Шешеміздің арқасында ер жеттік. Жастық шақты ауыр еңбекке күнкөріс қамына бердік. Одан ес жиып етек жапқанда 32-нің ашаршылығы басталды. Жолдасым Наурызбаев Дүйсен екеуміз табыс іздеп Ресей жеріне ліктік. Сөйтіп ана жұмыс, мына жұмыс дей жүріп Бурятия елінен бірақ шығыппыз. 1936 жылы үлкен баламыз дүниеге келді. 1939 жылды жолдасымды әскер қатарына алды. Ол содан Қиыр Шығыс әскери округінде болып, бүкіл соғыс уақытын сонда өткізіп 1947 жылы бірақ оралды. Оған дейін өз күнімізді өзіміз көріп жүріп жаттық. Алғашқыда орманнан ағаш кесіп, оны өзенге тасып сал жасадық. Соғыс басталған жылы Улан-Удэ қаласына келіп әскери зауытқа орналастым. Сондағы темір балқыту цехында мартен пешінің көтергіш кранында істедім. Еріген темірді кранмен көтеріп әкеліп дайын тұрған қалыпқа құятынбыз. Бес жыл бойы табан аудармай осы міндетті атқардым. Қыс кезінде ыстық цехтан шығып Сібірдің қақаған аязына ұрынатынбыз. Жаз болса тынысты тарылтатын ыстық ауа өкпені қарпып тұншықтырады. Оны елейтін кез емес, айтқанды істеп, міндетімізді атқарып жүріп жаттық. Соғыс аяқталып, жолдасымыз үйге келген соң елге оралу-ды ойладық. Ол арманымыз 1956 жылы ғана орындал-

ды. Алдымен мына көршілес Киргизия кеңшары тұрған жерге кеттік. Жолдасым сонда жана салынып жатқан жол құрылысына жұмысқа тұрды. 4-5 жылдан соң Егіндібулакқа келдік. Бес бала тәрбиелеп өсірдік. Үлкеніміз жана жоғарыда айтқан 1936 жылы туған бала. Ол да қазір міне кемпір болды. Кішіміз 1960-шы жылғы. Құдайға шүкір немере сүйіп, әже шанып отырған жайымыз бар. Көрген қиындық та, тарқан ауыртпалық та көрген түсті артта қалды. Бұйым болашақ ұрпақ оңайды көрмесін. Жақсылық тыныштық болсын - деп тілейміз. Бар айтар әңгімем осы, қарағым.

Шынында не айтуға болды. Ертеңгі ұрпаққа ертегідей ғана болып қатын сол заманның тіп кейіпкерлері азайып барады. Бүгіннің өзінде қолындағы қос таяғын әр көтеріп жүрген шүйкедей ғанажанның сом биікті азаматтар атқаратын істі істеді дегеніне сенің келмейді. Дегенмен сену керек. Сол сенім арқылы мәңгі-бақи мақтан тұрарлық осынау аға ұрпақ өкілін құрметтеу - басты парызымыз. Кешеден бастап алған сол қасиетті парыз бүгіннен ертеңге, болашаққа жалғаса бермек.

Д. ЖҮНІСБЕКУЛЫ.
Егіндібулак селосы

Суретте: ардагер әже Рәзия Наурызбаева немересі Азаматпен бірге.